

**«Қазақтелеком» АҚ Басқармасының
2023 жылғы _____ № _____
шешіміне 2-қосымша**

**«Қазақтелеком» АҚ-ның жергілікті қоғамдастықтармен
өзара іс-қимыл саясаты**

2023 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қоғамның қатысу өңірлерінде жергілікті атқарушы органдармен, қоғамдық ұйымдармен және тұрғылықты халықпен (бұдан әрі - жергілікті қоғамдастықтар) өзара іс-қимылды басқару бойынша «Қазақтелеком» АҚ бірыңғай қағидаттарын айқындайды және олармен қолайлы сындарлы қарым-қатынасты қолдауға бағытталған.

2. Саясат жария құжат болып табылады және мынадай халықаралық құжаттарда жазылған қағидаттар негізінде жасалған: БҰҰ Жаһандық шарты, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, БҰҰ тұрақты даму мақсаттары, сондай-ақ Халықаралық қаржылық корпорацияның Экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша қызмет стандарттарын (IFC) және Есептілік бойынша жаһандық бастама (Global Reporting Initiative).

3. Осы Саясатта жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң үлес қосу және «Қазақтелеком» АҚ қызметінде жергілікті қоғамдастықтардың мұқтаждықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді. Осы Саясатта жазылған қағидаттар қолданылатын ұлттық заңнаманы ескере отырып, жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл бойынша бастамаларды айқындайды.

4. Осы Саясатты Корпоративтік басқару кодексімен, Тұрақты даму саясатымен, Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саясатымен, сондай-ақ Қоғамда қолданылатын басқа да саясаттармен және рәсімдермен бірге қарастырған жөн.

5. Осы Саясатта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) «Жедел желі» – Қоғам қызметінің тиімділігіне және жұмысына қолайсыз әсер етуі мүмкін, ерекше назар аударуды қажет ететін проблемаларды хабарлау мүмкіндігін беретін желі;

2) Мүдделі тұлға – қызмет барысында Қоғаммен өзара іс-қимыл жасайтын және осы қызметке тікелей немесе жанама әсер ететін немесе әсер ету мүмкіндігіне ие кез келген заңды немесе жеке тұлға (немесе олардың тобы);

3) Серіктестер – Қоғаммен шарттық қарым-қатынастар негізінде өзара іс-қимыл жасайтын жеткізушілер, консультанттар және басқа тұлғалар;

4) Жұмыскер – Қоғаммен еңбек қатынастарындағы және еңбек шарты бойынша тікелей жұмысты орындайтын тұлға;

5) Жергілікті қоғамдастықтар – Компания қызметі әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін аудандарда тұратын немесе жұмыс істейтін тұлғалар тобы.

2. Қолданылу саласы

6. Осы Саясаттың қолданысы Қоғамның барлық жұмыскерлері мен бөлімшелерінің қызметіне таралады.

7. Саясатты іске асыру үшін Қоғам барлық қатысу өңірінде Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Саясатқа сәйкес жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды барынша регламенттейтін ішкі рәсімдерді енгізеді. Қоғам сондай-ақ осы Саясатта көзделген негізгі ережелер мен қағидаттарды іскерлік тараптар мен Қоғамның басқа да мүдделі тараптарының сақтауын күтеді. Шарттар жасаумен байланысты рәсімдер аясында «Қазақтелеком» АҚ өз жеткізушілері мен серіктестеріне Саясаттың қағидаттарын хабарлауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Олардың Саясатпен танысу туралы өтінішке қол қоюын қамтамасыз етеді.

3. Негізгі қағидаттар

8. Қоғам өзінің кәсіпкерлік қызметі барысында қатысу өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуды қамтамасыз етеді.

9. Қоғам қатысу өңірлерінде жергілікті қоғамдастықтар өкілдерінің өмір сапасын жақсартуға ықпал етуге талпынады.

10. Қоғам жергілікті қоғамдастықтардың пікірін, мүдделерін, көзқарасы мен қалауларын ескере отырып, олармен қолайлы сындарлы қарым-қатынастарды қолдайды.

11. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасын және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттар талаптарын сақтайды.

12. «Қазақтелеком» АҚ өз қызметін жүзеге асыру өңірлеріндегі жергілікті халықтың әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерін барынша азайтуға тырысады.

4. Міндеттемелер

13. «Қазақтелеком» АҚ өз қызметінде жергілікті қоғамдастықтардың мүдделері мен мұқтаждықтарын ескеруді міндетіне алады.

14. «Қазақтелеком» АҚ қатысу өңірлерінде инфрақұрылымды дамытуға белсенді қатысуды қоса алғанда, жергілікті халықтың мүдделері мен мұқтаждықтарын ескере отырып, әлеуметтік инвестицияларды жүзеге асырады.

15. «Қазақтелеком» АҚ салық міндеттемелерін орындау есебінен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысады, сондай-ақ жұмыс орындарын құру есебінен қатысу өңірлерінде жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді.

16. «Қазақтелеком» АҚ тұрақты негізде жергілікті қоғамдастықтармен өз қызметі барысында жергілікті қоғамдастықтардың мүддесіне құрмет білдіре отырып диалог құрады.

17. «Қазақтелеком» АҚ Қоғамның мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл бойынша «Қазақтелеком» АҚ Коммуникация жоспарына сәйкес қатысу өңірлерінде мүдделі тараптарды сәйкестендіру рәсімін уақытылы орындайды.

18. «Қазақтелеком» АҚ өз қызметі барысында жобаларды жоспарлау және іске асыру кезінде жергілікті қоғамдастықтарды қоса алғанда, жұмыскерлердің, серіктестердің және өзге де мүдделі тұлғалардың мүддесі мен пікірін талдауды, есепке алуды жүзеге асырады.

19. «Қазақтелеком» АҚ шағым беру және шағымдарды қарау механизмдерін қоса алғанда, кері байланыстың нәтижелі жүйелерінің болуын қамтамасыз етеді (анонимді арыздарды қоса алғанда).

5. Жергілікті қоғамдастықтармен негізгі өзара іс-қимыл тәсілдері

20. Даму жоспарлары, тұрақты даму саласындағы «Қазақтелеком» АҚ қызметінің нәтижелері туралы БАҚ-тағы жарияланымдар арқылы өзекті ақпарат беру.

21. Қоғамның қатысу өңірлеріндегі аумақтарда жоспарлаған іс-шаралар туралы жергілікті қоғамдастықтардың пікірін анықтау мақсатында корпоративтік БАҚ арқылы сауалнама жүргізу.

22. Кері байланыс арналары арқылы өтініштермен жұмыс.

23. Қатысу өңірлерінде әлеуметтік-экономикалық қолдау аясында әлеуметтік инвестициялар мен демеушілік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру.

24. Бірлескен мәжілістерге, жұмыс топтарына және тұрақты жұмыс істейтін комитеттерге қатыса отырып, жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерімен тікелей диалогтар жүргізу.

25. Мемлекеттік билік өкілдерімен қатысу өңірлерін дамыту бойынша бірлескен тиімді жұмысты ұйымдастыру.

6. Саясатты орындау

26. «Қазақтелеком» АҚ өз қызметінің осы Саясаттың қағидаттарына сәйкестігіне тұрақты түрде ішкі мониторингті жүргізеді, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл ережелерін қамтитын тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттардағы және Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерді мониторингілейді.

27. «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерді осы Саясаттың ережелерімен және қағидаттарымен таныстыруды жүзеге асырады.

28. «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерге және басқа да мүдделі тараптарға осы Саясаттың әлеуетті бұзушылықтары туралы кедергісіз хабарлау мүмкіндігін береді жәрне хабарлаудың құпиялылығына кепілдік береді.

29. Саясатты бұзушылықтар туралы хабарлау төмендегі тәсілдердің бірімен жасалады:

1) жедел желіге хабарлау арқылы (телефоны: 8 800 080 47 47, 8 771 191 88 16, 8 701 941 10 01; интернет-портал: <http://www.sk-hotline.kz/>; электрондық пошта: mail@sk-hotline.kz);

2) комплаенс қызметіне өтініш беру арқылы (телефоны: 8 727 259 99 56, 8 800 080 26 62; электрондық пошта: tlek.issakov@telecom.kz);

3) өздерінің тікелей басшыларына немесе құрылымдық бөлімше басшысына жеткізу арқылы.

30. Осы Саясатты бұзушылықтар туралы барлық өтініштер уақытылы қабылдануы және өтініштерді қараудың ішкі рәсімдеріне сәйкес объективті қаралуы тиіс.

7. Саясаттың орындалуын бақылау

31. «Қазақтелеком» АҚ Басқармасы «Қазақтелеком» АҚ жұмыскерлерінің осы Саясатты орындауын бақылайды, тиімділігі мен қолданысын қадағалайды және талқылайды.

32. «Қазақтелеком» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары тиісті бөлімшелер жұмыскерлерінің осы Саясаттың қағидаттары мен тәсілдерін сақтауды қамтамасыз етеді.

33. «Қазақтелеком» АҚ барлық жұмыскері осы Саясатты орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін атқаратын лауазымына қарамастан жауапты болады.

9. Қорытынды ережелер

34. Саясатты «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесі бекітті.

35. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде енгізіледі.

36. Адам құқықтарын сақтау саласындағы озық тәжірибеге сәйкес болу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасы және адам құқықтары саласындағы халықаралық талаптар өзгерген жағдайда, «Қазақтелеком» АҚ қажеттілігіне қарай Саясатты қайта қарауды ұйымдастырады.